

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.05.2021

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/95744/>

Түркістан облысы

Арыс қаласы

С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі

Еңбек пәні мұғалімі

Байдәулет Қарлыға Мейірбекқызы

Сабақ жоспары

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:Сәндік қолданбалы өнер.	Мектеп:С.Сейфуллин жалпы орта мектебі	
Күні 23.10.2020	Мұғалімнің аты-жөні:Байдәулет Қарлыға Мейірбекқызы	
СЫНЫП:6	Қатысушылар саны:10	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:	Әртүрлі бұйымдарды ілмекпен тоқу.	
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	6.1.6.4 Материалдардың қасиеттері жайлы білімін және тәжірибелік жұмыс істеу дағдыларын көрсете отырып техникалар,көркемдік материалдарды қолдану және эксперимент жасау.	
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар : Ілмекпен бұйым тоқуды біледі.	
	Оқушылардың басым бөлігі : Тәжірибелік жұмыс істеу барысында көркемдік материалдарды қолдана біледі.	
	Кейбір оқушылар:Қолөнер мен бұйым туындыларының ерекшеліктерін қолдана отырып эксперимент жасай алады.	
Бағалау критерилері	Ілмекпен тоқу түрлерін анықтайды. Ілмекпен тоқу барысында қолданылатын материалдар мен құрал жабдықтарды анықтайды. Қолөнер мен бұйым туындыларының ерекшеліктеріне сүйене отырып ілмекпен тоқуды эксперимент түрінде зерделейді.	

<b>Тілдік мақсат</b>	<i>Негізгі сөздер мен тіркестер:Иірім жіп,ілмек,шалу,орам</i>	
	<p><i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>· Ілмекпен тоқудың қандай түрлері бар?</li> <li>· Қандай бұйымдарды тоқыма бұйымдары деп атайды?</li> <li>· Тоқыма тоқу үшін қандай құрал жабдықтар қажет?</li> </ul>	
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау, жауапкершілік және өзгелердің көзқарасына құрметпен қарау.	
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Химия пәні : Тоқыма жіптердің құрылымын анықтауда Математика : Бұйым тоқығанда бағытын анықтау, ою — өрнек элементтерін салғанда жіптердің санын анықтауда Сызу: Тоқитын бұйымның дизайнын құрастыруда	
<b>Алдыңғы білім</b>	Текстиль материалдары және құрал- жабдықтармен жұмыс істеу дағдылары бар.	
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері</b>	<b>Ресурстар</b>

<p><b>Сабақтың басы</b></p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық ахуал орнату. Оқушылардың көңіл күйлерін жақсарту және сабаққа ынталандыру мақсатында “ Шаттық шеңбері “әдісін қолдана отырып, психологиялық ахуалын жақсарту.</p> <p>Қане, қане тұрайық Үлкен шеңбер құрайық. Оң жақтағы көршіге, Сол жақтағы көршіге, Күлімсіреп қарайық, Көкке қолды созайық, Бір-бірімізден озайық. Құшақтасып әркезде, Тату-тәтті болайық.</p> <p>Оқушылардың топтық жұмыс жасау дағдыларын және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын жетілдіру үшін “Асық арқылы” 2 топқа біріктіремін.</p> <p>Өткен тақырыпты пысықтау барысында “Түртіп алу” әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап іздейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ілмекпен қандай бұйымдарды тоқуға болады?</li> <li>-Тоқуға арналған ілмек ине қандай материалдардан жасалады?</li> <li>-Ертеде ата-бабаларымыз ілмек инені неден жасаған?</li> <li>-Ілмек инемен тоқу алғаш қай елдерде дамыған?</li> </ul> <p>Дискриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ілмекпен түрлі бұйымдарды тоқуға болады. Мысалы, бас киім, ұялы телефон қабы т.б.</li> <li>-Қазіргі таңда ілмек инені пластмассадан, ағаштан, сүйектен жасауға болады.</li> <li>-Ертеде ата-бабаларымыз ілмек инені қойдың кәрі жілігінің басындағы кішкентай бөлініп шығатын сүйегінен жасаған.</li> <li>-Ілмек инемен тоқу өте ертеде Солтүстік Африкада, одан кейін Шығыс Европада, Ресей, Азия елдерінде дамыған.</li> </ul> <p>Қалыптастырушы бағалау. “Жүзім” әдісі арқылы өзара бағаланады.</p> <p>Жасыл түсті жүзім- толық жауап берсе.</p> <p>Сары түсті жүзім-толық жауап беруде көмек қажет етсе. Қызыл түсті жүзім-толық жауап бере алмаса.</p>	
-----------------------------	---	--

<p><b>Сабақтың ортасы</b></p>	<p><b>1 Тапсырма</b> Ілмекпен тоқуға қажетті материалдарды көрсету мақсатында “Кино” әдісі арқылы оқушыларға интербелсенді тақтамен ілмек ине туралы бейнежазба көрсетемін, бейнежазбада ілмек инеге қажетті көркемдік материалдарды көрсетемін және ілмекпен қалай жұмыс жасау керектігіне ақпарат бере отырып, “Мозайка” әдісі арқылы түрткі сұрақтарын бере отырып тәжірибелік жұмыс кезінде көркемдік материалдарды қолдана біледі.</p> <p>Дискриптор:</p> <p>-Ілмекпен тоқуға қажетті көркемдік материалдарды анықтайды және ажыратады Оқушыларды берген жауаптарына қарай ынталандыру мақсатында “Мадақтау” арқылы бағалаймын.</p> <p><b>2 Тапсырма</b> Ілмекпен тоқуға қолданылатын материалдар мен құрал-жабдықтарды анықтау мақсатында “Бұлақ” әдісі арқылы <b>1 топқа</b> Ілмекпен тоқуда қолданылатын құрал-жабдықтарды анықтау. <b>2 топқа</b> Ілмекпен тоқуда қолданылатын материалдарды анықтау.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>-Ілмекпен тоқуға қажетті құрал жабдықтарды пайдалану жолын меңгереді. Оқушыларды берген жауаптарына қарай “Жұлдызша” арқылы қалыптастырушы бағалауды жүргіземін.</p> <p><b>3 Тапсырма</b> Қолөнер мен бұйым туындыларының ерекшеліктерін қолдана отырып эксперимент жасайды. Ілмекпен тоқуды анықтап, зерделеу мақсатында “Венн диаграммасы” әдісі арқылы оқушылар топта қолөнер мен бұйымның ерекшеліктерін анықтап, зерделейді.</p> <p>Дескриптор:</p> <p>-Ілмекпен тоқу арқылы қолөнер және бұйым туындыларының айырмашылығымен ұқсастықтарын ажыратады.</p> <p>Оқушылардың берген жауаптарына қарай талпындыру, ықыласын ояту мақсатында кері байланыс бере отырып “Екі жұлдыз, бір тілек” арқылы қалыптастырушы бағалау жүргіземін.</p>	<p>Бейнежазба</p>
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p><b>“Жеміс ағашы” әдісі</b> -Егер бүгінгі сабақты түсінсе, <b>қызыл түсті</b> жемістерді жемісті ағашқа жабыстырады. -Егер түсіндім, бірақ әлі сұрақтарым бар десе, <b>жасыл түсті</b> жемістерді жабыстырады. -Егер түсінбесе, <b>сары түсті</b> жемістерді жабыстырады.</p>	
<p><b>Саралау - Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау - Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін тексеруді жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b></p>
<p>1. Ілмекпен тоқуды түсінбеген оқушыларға қарапайым тоқу үлгілерін ұсынамын. 2. Қабілетті оқушыларға өз жұмыстарын безендіруде жаңаша идеяларды ойлап тауып, қайта құрастыруды ұсынамын. 3. Энциклопедия, оқулық, АКТ құралдарынан дереккөздерді іздеуді ұсынамын. 4. “Жұлдызша” арқылы бағалаймын.</p>	<p><b>Дискриптор</b> “Түртіп алу” “Жүзім” “Мадақтау” “Жұлдызша” “Екі жұлдыз, бір тілек” “Жеміс ағашы” әдісі кері байланыс.</p>	<p>Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау. Қауіпсіздік ережелерін орындап отыру.</p>

<b>Сабақ бойынша рефлексия</b>	<i>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</i>
<i>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қол жетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</i>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Сабақтың мақсаты мен оқу мақсатына қол жеткізілді.</li> <li>2.Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді.</li> <li>3.Сабақта саралау дұрыс жүргізілді деп ойлаймын.</li> <li>4.Уақыт тиімді пайдаланылды.</li> <li>5.Сабақта жоспардан ауытқу болған жоқ.</li> </ol>
<b>Жалпы бағалау</b>	
<b>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</b>	
1:”Шаттық шеңбері”әдісі	
2:Үй тапсырмасындағы “Түртіп алу” сұрақ-жауап әдісі.	
<b>Сабақтың бұданда жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</b>	
1:Оқушылардың ынтасы және талпынысы.	
2:Алға қойған сабақ мақсаттарыммен, әдіс-тәсілдерімді одан әрі қарай дамыту.	
<b>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</b>	

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.